

бензолдікі – не бары 5%. Парафинді, нафтенді және қанықпаған көмірсутектер термиялық деалкилдеу жағдайында газкүйіндегі, негізінен, метанға және этанға көмірсутектерге айналады. Тетралиндік көмірсутектер нафталиндік көмірсутектерге дегидрлене алады, ары қарай гидродеалкилдеумен немесе деструкцияға ұшырауы арқылы моноциклді көмірсутек түзеді, кейін ол деалкиленеді. Нәтижесінде, термиялық гидродеалкилдегенде соңғы өнімдер ретінде бензол, нафталин және газкүйіндегі көмірсутектер, негізінен метан алынады. Толуолдың және  $\beta$ -метил нафталиннің шамасы бірдей түрлену жылдамдықтары бициклді және моноциклді ароматты көмірсутектер құрайтын шикізаттан бензолды және нафталинді бірдей алуға мүмкіндік береді.



26-сурет. Термиялық гидродеалкилдегенде жеке көмірсутектердің салыстырмалы түрлену жылдамдықтары

I-парафиндер; II- моноциклді нафтендер; III - бициклді нафтендер; IV - моноциклді ароматты көмірсутектер; V - нафтенароматты көмірсутектер; нафталиндер. 1 - пропан; 2 - гексан; 3- декан; 4 -цетан; 5 - циклогексан; 6 - декалин; 7- бензол; 8 - толуол; 9 - этилбензол; 10 - бутилбензол; 11 - амилбензол; 12- индан; 13 - тетралин; 14 - метилтетралин; 15 - нафталин; 16 -  $\beta$ -метилнафталин

Алюмополибденді катализаторлар қатысында бензолдың және нафталиннің алкинді туындыларының гидродеалкилдеу жылдамдықтары метилдік топ сандарын өсіргенде артады. Төртінші кестеде келтірілген мәліметтер алкилбензолда метил топтарының сандарын өсіргенде, ксилолдан толуолды және 1, 2, 4 – үшметилбензолдан ксилолдарды түзіу есебінен бензолдың шығуы төмендейді, бірақ жалпы гидродеалкилдеу тереңдігі артады. Нафталиннің метил туындылары (9-кесте) сәйкесті бензолдың метил